

15-апта

№ 29-30 Дәріс тақырыбы Сөйлем синтаксисі

1. Сөйлем туралы ғылыми пайымдаулар
2. Сөйлем құрылымы: бүгінгі мен тарихы

I. Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі мағынаны білдіріп, ой білдіруге себебін тигізіп тұрады. «Сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі бір сұраққа жауап бере алатын мағыналы сөзді я сөз тізбегін сөйлем мүшесі дейміз» (Мектеп оқулықтарынан). «Сөйтіп, көп құрамды сөйлемдерді бөлшектегенде олардың ішіндегі сөздердің лексикалық мағыналарына қарамай, лексикалық мағыналы толық сөздердің тіркесу нәтижесінде пайда болған грамматикалық мағыналарына қараймыз. Ол мағыналар: бастауыш-баяндауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық және пысықтауыштық болады. Сөйлемде осылардай грамматикалық мағыналарға? ие болып, синтаксистік қызмет атқарып тұратын сөздерді сөйлем мүшелері дейміз» (Балақаев, сайрамбаев, 99). Сонда басты белгі

- грамматикалық мағына ма,
- атқаратын қызмет пе,
- синтаксистік байланыс па?

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметі жағынан бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш болып беске бөлінеді. Бастауыш сөйлемдегі ойды бастап тұрады, баяндауыш баяндайды, толықтауыштың қызметі толықтайды т.т.

Сөйлем мүшелері өзара синтаксистік байланыста айтылады. Сондықтан «сөйлем мүшелеріне сұрақ қою арқылы талдау жасағанда, осы байланысты үзбеу қажет» деген Балақаев пен Сайрамбаевтың пікіріне қосыламыз. Синтаксистік байланыс маңызды болатыны мына тұста да көрінеді. Сөйлемге синтаксистік байланысқа түспейтін сөздер не сөздер тізбегі де қатысуы мүмкін. Мұндай сөздер тілде оқшау сөздер деген атпен белгілі. Оқшау сөздер сөйлемдегі сөздермен мағыналық байланыста айтылғанымен, синтаксистік байланыста болмайды, сондықтан олар сөйлем мүшелері ретінде танылмайды, талданбайды.

Сөйлем мүшелерін құрамына қарай үшке дара, күрделі және үйірлі деп бөлу бар. Сөйлем мүшелері құрамына қарай дара және күрделі, құрылысына қарай бірыңғай және үйірлі болады. Сонымен, дара сөйлем мүшесі бір сөзден, күрделі бірнеше сөзден тұратын сөйлем мүшесі. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай). Ермек үшін нен (күрделі мүше) басқасы дара сөйлем мүшелері.

Үйірлі де көп сөзден құралады. Күрделі мүшеден айырмашылығы «егер күрделінің құрамы түйдекті тіркес болса, үйірлінің құрамы бастауыш-баяндауыш ыңғайындағы сөздер тобы болады» (Сайрамбаев). Білегі жуан бірді жығар, білімі толық мыңды жығар (Мақал). Сөйлем мүшелерінің бәрі үйірлі бола бермейді. Көбіне бастауыштар, анықтауыштар үйірлі болып келеді.

Мектеп оқулықтарында: «Сөйлемдегі қызметі, тұлғасы, сұрақтары бірдей және бір ғана ортақ мүшемен байланысатын сөздер бірыңғай мүшелер деп аталады. Барлық сөйлем мүшелері бірыңғай мүше бола алады. Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз да, жалғаулықтар арқылы да байланысады». Немесе: «Өзара салаласа байланысып, біркелкі сарындағы дауыс ырғағымен айтылатын, ортақ бір сұрауға жауап беретін, яғни, бір сөз табынан жасалатын, кейде жалғаулықсыз, кейде жалғаулық шылаулар арқылы байланысатын көп мүшелер».

«Сөйлемде синтаксистік қызметі бірдей, көбінесе өзара тұлғалас сөйлем мүшелері бірыңғай мүшелер болады» (БС189-195).

2. «Мағына жағынан қарағанда, сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз деу өте ұшқары айтылған нәрсе. Себебі, бастауыш, баяндауышы жоқ сөйлем де белгілі мағына береді. Өйткені, бір сөйлемді бір сөйлем толықтырады. Байланыссыз еш нәрсе жоқ. Олай болса, сөйлем мүшесін тұрақты, тұрақсыз деп бөлу дұрыс емес. Сөйлемнің барлығы да тиянақты.

Сөйлемдегі сөздің барлығының да белгілі орны бар, белгілі мағынада қолданылады. Бірінен бірі бөлек, жеке алып қарағанда ғана, олардың тиянағы жоқ болады. Бұлай байланыссыз қарау диалектика жолы емес» (С.Аманжолов. 94).

“Олар сөйлем құрай алу қасиетіне байланысты тұрлаулы мүше және тұрлаусыз мүше болады” (Мектеп оқулықтарынан). Бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер, ал анықтауышты, толықтауышты, пысықтауышты тұрлаусыз мүшелер дейміз. “...сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелерін тұрлаулы (бас) мүшелер дейміз” (М.Балақаев, Т.Сайрамбаев). “Сөзінде тиянақ жоқ кісіні “сөзінің тұрлауы жоқ” деп те атаймыз. Осындағы “тұрлау” сөзі «тиянақ», «береке», «пәтуа» деген ұғымдарды білдіреді. «Тұрлаусыз» деген сөзді кейбір сөйлем мүшелеріне тануымыз ол мүшелердің сөйлемді тиянақты етпейтін қасиеттеріне негізделген. Расында, бастауыш пен баяндауыш сөйлемді тиянақты ететін, оның бас арқауы болса, тұрлаусыз мүшелерде ондай қасиет болмайды» (141).

«Сөйлем мүшелерінің ішінен ең негіздің негізі – бастауыш. Баяндауыш – бастауыштың тура көрінісі. Бастауыш – сөйлемнің ең негізгі қазығы, өйткені, сөйлемнің нақтылы иесі, субъекті. Ескі грамматикаларда сөйлемнің түп қазығы – бастауыш, баяндауыш тең емес, баяндауыш бастауыштың қимылын, қозғалысын көрсетіп, бастауыштың ықпалымен жүреді. Баяндауышқа бастауыш ықпалын тигізеді. Бастауыштың негізгі сұрауы: кім? не? кімі? несі? кімдер? нелер? кімнің? нең?

Тұлға жағынан алған бастауышымыздың барлығы грамматикалық бастауыш. Бұлардан басқа логикалық бастауыш та бар. Кейбір бастауыш дегеніміз тұлға жағынан бастауыш бола алмайды, тек мағына жағынан бастауыш бола алады. Өйткені, олар, бірінші, жоғарғы сұрауға жауап бермейді, екінші, олардың тұлғасы да кәдімгі бастауыштардыкі сияқты емес. Мысалы: Менің оған осы кітапты беруіме болмайды. Менің арзан сөзді айтқым келмейді. Бұл сөйлемдерде барлық сөйлемнің логикалық бастауыш болып тұрған «менің», себебі: барлық сөйлемнің түйіні «менің» деген сөзде. «Менің» деген сөзді барыс жалғауға қойып айтуға да болады. Мысалы: Бұл кітапты оған беруіме болмайды.

Бастауыштың баяндауышты ықпалына алатындығын баяндауыштың бастауышқа келіп қиысуын, баяндауыштың бастауышқа бағынып отырғандығын есепке алып, баяндауыш бастауыштың көрінісі дейміз.

Қиысу екі түрлі: 1. Жақ жағынан қиысады – бұлай қиысу бастауыш есімдіктен болғанда көрінеді. Мысалы: мен күндіз екі кітап алған едім. 2. Жалғаулардың бірегейлігі жағынан қиысады, бұл тұлғалық жағынан қиысатындығы. Бірақ мұнда да мағына жағынан түк қиысу жоқ деуге болмайды.